

## Медициналық қызмет саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 10 қыркүйектегі № 1173 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 34-бабына, «Әкімшілік ресімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1, 15-2-баптарына және «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қантардағы Заңының 6-бабының 2), 3) тармақшаларына, 29-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

### 1. Қоса беріліп отырған:

- 1) «Біліктілік санатын бермей маман сертификатын беру» мемлекеттік қызмет стандарты;
  - 2) «Біліктілік санатын бере отырып маман сертификатын беру» мемлекеттік қызмет стандарты;
  - 3) «Медициналық ұйымдарды аккредиттеу туралы куәлік беру» мемлекеттік қызмет стандарты;
  - 4) «Денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне тәуелсіз сараптама жүргізу үшін жеке тұлғаларды аккредиттеу туралы куәлік беру» мемлекеттік қызмет стандарты;
  - 5) «Медициналық қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет стандарты;
  - 6) «Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сарапшыларын аттестаттау» мемлекеттік қызмет стандарты;
  - 7) «Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптамасының белгілі түрін өндіру құқығына біліктілік беру» мемлекеттік қызмет стандарты;
  - 8) «Медициналық технологияларға клиникалық зерттеу жүргізуге рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандарты бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2012 жылғы 10 қыркүйектегі

№ 1173 қаулысымен

бекітілген

## «Біліктілік санатын бермей, маман сертификатын беру» мемлекеттік қызмет стандарты

**Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.02.2013 N 158 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### 1. Жалпы ережелер

1. «Біліктілік санатын бермей, маман сертификатын беру» мемлекеттік қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) мекенжайлары мен жұмыс кестелері осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің облыстардын, Астана және Алматы қалаларының аумақтық департаменттері (бұдан

әрі - уәкілетті орган) көрсетеді, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» веб-порталы [www.e.gov.kz](http://www.e.gov.kz) немесе «Е-лицензиялау» веб-порталы [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) (бұдан әрі - портал) арқылы көрсетіледі.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінша автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 176-бабына, «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабына (бұдан әрі - «Ақпараттандыру туралы» Заң), «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға арналған біліктілік емтиханын өткізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2009 жылғы 6 қарашадағы № 661 бүйрігінде, «Медицина және фармацевтика мамандықтарының номенклатурасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 24 қарашадағы № 774 бүйрігінде сәйкес көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) [www.mz.gov.kz](http://www.mz.gov.kz) интернет-ресурсында;

2) осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша уәкілетті органның үй-жайларында стенділер мен ақпарат тақталарында;

3) порталда орналастырылады.

Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат call-орталықтың (1414) телефоны арқылы да ұсынылуы мүмкін.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша біліктілік санатын бермей, маман сертификатын (бұдан әрі - сертификат) беру не уәкілетті лауазымды тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы дәлелді бас тарту болып табылады.

Тұтынушы уәкілетті органға сертификатты қағаз тасығышта алу үшін жүгінген жағдайда, сертификат электрондық форматта ресімделеді, басып шығарылады, мөрмен расталады және уәкілетті орган басшысының қолы қойылады.

Сертификат уәкілетті органның басшысы оны беру туралы шешім шығарған күнінен бастап Қазақстан Республикасының аумағында бес жыл бойы қолданылады.

6. Мемлекеттік қызмет медициналық білімі бар сертификат алуға үміткер жеке тұлғаларға (бұдан әрі - тұтынушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) уәкілетті органға жүгінген кезде:

тұтынушы осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап құнтізбелік он бес күнді құрайды;

құжаттарды тапсырған кезде ен үзақ кезек күту уақыты – 20 минуттан аспайды;

құжаттарды алу кезінде ен үзақ кезек күту уақыты – 20 минуттан аспайды;

2) порталға жүгінген кезде:

тұтынушы осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап құнтізбелік он бес күнді құрайды.

Егер уәкілетті орган осы стандартта белгіленген мерзімде тұтынушыға сертификатты бермеген не сертификатты беруден дәлелді бас тартуды ұсынбаған жағдайда, онда оны беру мерзімі аяқталған күннен бастап сертификат берілді деп саналады.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Жұмыс кестесі:

1) уәкілетті органның Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке құндерін қоспағанда, күн сайын сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен.

Құжаттарды қабылдау жұмыс құндері сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен жүзеге асырылады. Құжаттарды қабылдау кезек күту тәртібінде жүзеге асырылады, алдын ала жазылу және жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген;

2) порталда – тәулік бойы.

10. Мемлекеттік қызмет ұсынылатын орын:

1) құжаттарды толтыруға арналған орын уәкілетті орган ғимаратында қажетті құжаттардың тізбесі және өтініштерді толтыру үлгісі бар тағаммен жарақталған;

2) тестілеу өткізуге арналған орын осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша уәкілетті органның ғимаратында орналасқан.

Үй-жайлар компьютерлермен жарақталған.

Дене мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін пандустар және лифтілер көзделген;

3) порталда - тұтынушының «жеке кабинетінде».

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы мынадай құжаттарды ұсынады:

уәкілетті органға:

1) осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) тұтынушының жеке басын куәландағыратын құжат;

3) осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтер.

Тұтынушының өкілі жүгінген жағдайда – өкілдің жеке басын куәландағыратын құжат және өкілдік ету құқығына уәкілеттілігін куәландағыратын құжат ұсынылады.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде бар жеке басты куәландағыратын құжаттардың мәліметтерін уәкілетті орган уәкілетті лауазымды тұлғаның ЭЦҚ куәландағырылған электрондық құжаттар нысанында портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Порталда:

1) тұтынушының ЭЦҚ куәландағырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтер.

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін өтініштің нысаны [www.mz.gov.kz](http://www.mz.gov.kz) мекенжайы бойынша Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылады, сондай-ақ уәкілетті органның үй-жайларында көпшілікке қолжетімді орындарда орналасқан стенділерде ілінеді.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алу үшін электрондық құжат нысанында сұрату толтырылады.

13. Құжаттарды қабылдау «жалғыз терезе» қағидаты бойынша осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша уәкілетті органның кеңесі арқылы жүзеге асырылады.

Порталда электрондық сұратуды жіберу тұтынушының «жеке кабинеті» арқылы жүзеге асырылады. Сұрату автоматты түрде мемлекеттік органға – таңдалған қызмет түріне сәйкес адресатқа жіберіледі.

Уәкілетті органның қызметкері ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, тұтынушының құжаттарын осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген тізбеке сәйкестігін зерделейді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда уәкілетті органның қызметкері екі жұмыс күні ішінде құжаттарды одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тартуды береді.

Құжаттар қабылданған күннен бастап екі жұмыс күні өткеннен кейін уәкілетті орган құжаттардың толық болмауы себебінен мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тартуға құқығы жоқ.

Егер тұтынушы құжаттарды толық көлемде тапсырылған жағдайда, ол тестілеуге жіберіледі.

Уәкілетті орган тестілеуді өткізу орнын, күні мен уақытын көрсете отырып, тестілеуден өтетін тұтынушылардың тізімін қалыптастырады және іледі.

Тұтынушы портал арқылы жүгінген кезде тестілеуді өткізу орны мен күні туралы ақпарат оның «жеке кабинетіне» жіберіледі.

Тестілеу деңсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

Тестілеу нәтижелері теріс болған жағдайда тұтынушыға сертификат берілмейді.

Тестілеуден оң нәтижемен өткен кезде уәкілетті орган басшысының қолы және мөрі қойылған сертификат беріледі.

Сертификат бес жыл мерзімге беріледі.

14. Құжаттар уәкілетті органның кеңесі арқылы қабылданған жағдайда:

1) өтініштің номірі және қабылданған күні;

2) сұрату салынған мемлекеттік қызметтің түрі;

3) өтінішке қоса берілген құжаттардың саны;

4) өтінішті қабылдаған кеңсе қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген тиісті

құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде тұтынушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызметті алуға өтініштің қабылданғаны туралы және мемлекеттік қызмет нәтижесінің күні мен уақыты көрсетілген хабарлама-есеп жіберіледі.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі тұтынушыға:

1) уәкілетті органға жүгінген кезде – осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша қолма-қол (тұтынушының өзі не өкілінің келуі) беріледі;

2) порталға жүгінген кезде – тұтынушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.

16. Тестілеудің теріс нәтижесін алу, сондай-ақ «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасы Занының 40-бабында көзделген негіздер мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тартуға негіз болып табылады.

Порталда уәкілетті органның мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тартудың себебін көрсете отырып, дәлелді жауабын тұтынушы электрондық құжат нысанында «жеке кабинетінен» алады.

### 3. Жұмыс қағидаттары

17. Уәкілетті орган мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

- 1) адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
- 2) заңдылықты сақтау;
- 3) көрсетілетін қызмет жөніндегі толық ақпарат ұсыну;
- 4) сыйаптылық;
- 5) тұтынушы қараша ұсынған құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету;
- 6) ақпаратты қорғау және оның құпиялылығы.

### 4. Жұмыс нәтижелері

18. Тұтынушыға мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелері осы стандартқа 5-қосымшаға сәйкес сапа мен тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Уәкілетті органның жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапасы мен тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәндері жыл сайын осы мемлекеттік қызметтің стандарттарын әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның тиісті бүйрекімен бекітіліп отырады.

### 5. Шағымдану тәртібі

20. Уәкілетті орган қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіру, сондай-ақ шағымды дайындауға жәрдемдесу осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша жүзеге асырылады.

Шағымдану тәртібі туралы ақпаратты «электрондық үкіметтің» call-орталығы (1414) телефоны арқылы да алуға болады.

21. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым уәкілетті орган басшысының атына осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша немесе Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8, Министрліктер үйі, 5-кіреберіс мекенжайы бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетіне (бұдан әрі – Комитет) беріледі.

22. Тұтынушыға дөрекі қызмет көрсетілген жағдайда шағым осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша уәкілетті орган басшысының атына беріледі.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, тұтынушы азаматтық заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

24. Шағымдар пошта арқылы жазбаша түрде не жұмыс күндері Комитеттің немесе уәкілетті органның кеңесесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымда тұтынушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) пошталық мекенжайы көрсетіледі.  
Шағымға тұтынушы қол қояды.

Шағымды беру кезінде уәкілетті органның атауы, әрекетіне шағым жасалып отырған лауазымды түлғалардың лауазымы, тегі, аты-жөні, өтініш беру себептері мен талаптары көрсетіледі.

25. Шағымды қабылдауды растау уәкілетті органның кеңесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) болып табылады.

Шағымдарды қарau «Жеке және заңды түлғалардың өтініштерін қарau тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

Шағымды қарau нәтижелері тұтынушыға поштамен жазбаша түрде тапсырыс тәртібінде не қол қойылып қолма-қол ұсыну арқылы хабарланады.

Шағымды қарau барысы туралы ақпаратты мекенжайлары осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген уәкілетті органнан алуға болады.

Портал арқылы жүгінген кезде электрондық өтініш жөнелтілгеннен кейін, тұтынушыға «жеке кабинетінен» уәкілетті органда өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарau немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

26. Мемлекеттік қызмет туралы қосымша ақпаратты алу үшін тұтынушы осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес көрсетілген мекенжайлар бойынша уәкілетті органға жүгінеді.

«Біліктілік санатын бермей, маман  
сертификатын беру» мемлекеттік  
қызмет стандартына  
1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі  
Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің  
және оның аумақтық департаменттерінің байланыс деректері**

P/c №	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті және оның аумақтық департаменттерінің атауы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті және оның аумақтық департаменттерінің орналасқан мекенжайы	Жұмыс кестесі	Аттестаттау, аккредиттеу және лицензиялау бөлімінің телефон нөмірі	Басш тель нөм
1	«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті» ММ (бұдан әрі - Комитет)	Астана қаласы, Министрліктер үйі, 5-кіреберіс	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8(7172) 74-32-79	8(7172) 74-32-79
2	«Комитеттің Астана қаласы бойынша департаменті» ММ	Астана қаласы, Иманов к-си, 19 «Алматы»	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дейін	8(7172) 78-74-65	8(7172) 78-74-65

		бизнес-орталығы, 11-қабат	түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін		
3	«Комитеттің Алматы қаласы бойынша департаменті» ММ	Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 63	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8(7272) 73-12-92	8(73-1)
4	«Комитеттің Ақмола облысы бойынша департаменті» ММ	Көкшетау қаласы, Әуелбеков к-сі, 98	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8(7162) 25-14-43	8(740-1)
5	«Комитеттің Ақтөбе облысы бойынша департаменті» ММ	Ақтөбе қаласы, Селиверстов к-сі, 9Б (Тілеу батыр)	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8(7132) 50-15-28	8(750-1)
6	«Комитеттің Алматы облысы бойынша департаменті» ММ	Талдықорған қаласы, Жансүгіров к-сі, 149	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8(7282) 24-43-59	8(721-6)
7	«Комитеттің Атырау облысы бойынша департаменті» ММ	Атырау қаласы, Байтұрсынов к-сі, 53	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8(7122) 27-31-94	8(727-3)
8	«Комитеттің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» ММ	Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 215	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8(7112) 51-04-75	8(751-2)
9	«Комитеттің Жамбыл облысы бойынша департаменті» ММ	Тараз қаласы, Қазыбек би к-сі, 142 а	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8(7262) 50-07-93 45-99-60	8(750-6)
10	«Комитеттің Қарағанды облысы бойынша департаменті» ММ	Қарағанды қаласы, Шахтерлер даңғылы, 78	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8(7212) 79-29-86	8(733-4)

11	«Комитеттің Қызылорда облысы бойынша департаменті» ММ	Қызылорда қаласы, Мұратбаев к-сі, 13	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8(7242) 23-45-34	8(7) 23-4
12	«Комитеттің Қостанай облысы бойынша департаменті» ММ	Қостанай қаласы, Баймағамбетов к-сі, 195	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8(7142) 54-36-26	8(7) 54-9
13	«Комитеттің Маңғыстау облысы бойынша департаменті» ММ	Ақтау қаласы, 9-шағын аудан, 23	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8 (7292) 42-09-47	8(7) 42-6
14	«Комитеттің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» ММ	Шымкент қаласы, Д. Қонаев к-сі, 27	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8(7252) 39-07-22	8(7) 39-6
15	«Комитеттің Павлодар облысы бойынша департаменті» ММ	Павлодар қаласы, Лермонтов к-сі, 59	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8(7182) 55-02-86	8(7) 55-5
16	«Комитеттің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» ММ	Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы к-сі, 36	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8(7152) 46-97-39	8(7) 36-6
17	«Комитеттің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» ММ	Өскемен қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 9/1	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8(7232) 76-13-23	8(7) 76-5

«Біліктілік санатын бермей,  
маман сертификатын беру»  
мемлекеттік қызмет стандартына  
2-қосымша

## **Маман сертификаты**

Осы маман сертификаты \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты)

мамандығы бойынша  
(номенклатура бойынша мамандық)  
біліктілік санаты тағайындалмай берілді.

Оны беру туралы шешім шығарған мемлекеттік орган басшысының 20\_\_\_\_\_ жылғы «\_\_\_\_»\_\_\_\_\_ №  
\_\_\_\_\_ бүйрекі

Сертификат 20 \_\_\_\_\_ жылғы «\_\_\_\_»\_\_\_\_\_ дейін жарамды

Оны беру туралы шешім шығарған мемлекеттік орган басшысының қолы

М.О.

Тіркеу № \_\_\_\_\_  
Берілген күні 20\_\_\_\_\_ жылғы «\_\_\_\_»\_\_\_\_\_

«Біліктілік санатын бермей, маман  
сертификатын беру» мемлекеттік  
қызмет стандартына  
З-қосымша

нысан

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(уәкілетті органның атауы)

басшысына

\_\_\_\_\_  
(кімнен)

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты)

Тұрғылықты мекенжайы: \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

**ӨТІНІШ**

Сізден \_\_\_\_\_

мамандығы бойынша біліктілік санатын бермей, міндетті біліктілік емтиханына жіберуіңізді сұраймын.

\_\_\_\_\_ (тұтынушының қолы)

\_\_\_\_\_ (толтырылған күні)

«Біліктілік санатын бермей,  
маман сертификатын беру»  
мемлекеттік қызмет стандартына  
4-қосымша

## **МӘЛІМЕТ НЫСАНЫ**

Біліктілік санатын бермей, колданылу мерзімі бар маман сертификатын беруге  
өтініш

## **1-бөлім. Өтініш берушінің біліктілігі туралы мәліметтер**

#### **1.1-бөлім. Жеке тұлға туралы негізгі дербес мәліметтер**

## **1.2-бөлім. Жалпы мәліметтер**

### **1.3-бөлім. Білімі**

## **1.4-бөлім. Интернатура, клиникалық ординатура, резиденттура мамандықтары туралы мәліметтер**

**1.5-бөлім. Қайта даярлаудан өткендігін күэландыратын мәліметтер**

Біліктілік санатын бермей, қолданылу мерзімі бар маман сертификатын беруге өтініш

**1.6-бөлім. Қазіргі уақыттағы жұмыс орны туралы мәліметтер**

- 36 Өтініш берілген мамандық бойынша еңбек өтілі
- 37 Жалпы медициналық өтілі
- 38 Қазіргі уақыттағы жұмыс орны
- 39 Атқаратын лауазымы

**1.7-бөлім. Өтініш берілген мамандық бойынша еңбек қызметі**

- 40 Қабылданған күні   /   /
- 41 Жұмыстан босатылған күні  /
- 42 Жұмыс орны
- 43 Атқаратын лауазымы

**1.8-бөлім. Өтініш берілген мамандық бойынша біліктілігін жоғарылату қуәлігі туралы мәліметтер**

- 44 Өтініш берілген мамандық бойынша біліктілігін жоғарылатқаны туралы қуәліктің нөмірі
- 45 Циклдың атауы
- 46 Оқытқан ұйымның аты
- 47 Оқудың басталуы   /   /
- 48 Оқудың аяқталуы   /   /
- 49 Оқудың сағат бойынша көлемі

**2-бөлім. Өтінімді қабылдаған лауазымды тұлғаның жауапкершілігі**

- 50 Өтінім берген күні   /   /

/ /

Өтінімді қабылдаған лауазымды тұлғаның Т.А.Ә. Қолы

/ /

Өтініш білдірушінің Т.А.Ә. Қолы

**Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәндері**

Сапа және тиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің алдағы жылдағы мақсатты мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
<b>1. Уақтылылығы</b>			
1.1. Құжатты тапсырған сәттен бастап қызметті белгіленген мерзімде ұсыну жағдайларының %-ы (үлесі)			
<b>2. Сапасы</b>			
2.1. Қызмет ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
<b>3. Қолжетімділігі</b>			
3.1. Қызмет көрсету сапасына және оның тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
3.2. Ақпаратқа электрондық форматта қол жеткізуге болатын қызметтердің %-ы (үлесі)			
<b>4. Шағымдану үдерісі</b>			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
<b>5. Сыпайылық</b>			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2012 жылғы 10 қыркүйектегі  
№ 1173 қаулысымен  
бекітілген

**«Біліктілік санатын бере отырып, маман сертификатын беру»  
мемлекеттік қызмет стандарты**

**Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.02.2013 N 158 қаулысымен (алғашқы реесми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**1. Жалпы ережелер**

1. «Біліктілік санатын бере отырып, маман сертификатын беру» мемлекеттік қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) мекенжайлары мен жұмыс кестелері осы стандартқа 1-қосымшада

көрсетілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің аумақтық департаменттері (бұдан әрі - МФҚБК аумақтық департаменттері), мекенжайлары мен жұмыс кестелері осы стандартқа 2-қосымшада көрсетілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (бұдан әрі - МСЭҚК) және МСЭҚК аумақтық департаменттері көрсетеді, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» веб-порталы [www.e.gov.kz](http://www.e.gov.kz) немесе «Е-лицензиялау» веб-порталы [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) (бұдан әрі - портал) арқылы көрсетіледі.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 176-бабына, «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - «Ақпараттандыру туралы» Зан) 29-бабына, «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға арналған біліктілік емтиханың өткізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі міндетін атқарушының 2009 жылғы 6 қарашадағы № 661 бүйріғына (бұдан әрі - Ереже), «Медицина және фармацевтика мамандықтарының номенклатурасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі 2009 жылғы 24 қарашадағы № 774 бүйріғына сәйкес көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) [www.mz.gov.kz](http://www.mz.gov.kz) интернет-ресурсында;

2) осы стандартқа 1, 2-қосымшаларда көрсетілген мекенжайлар бойынша МСЭҚК және оның аумақтық департаменттерінің, МФҚБК аумақтық департаменттерінің үй-жайларында стенділер мен ақпарат тақталарында;

3) порталда орналастырылады.

Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат call-орталықтың (1414) телефоны арқылы да ұсынылуы мүмкін.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша біліктілік санатын бере отырып, маман сертификатын (бұдан әрі - сертификат) беру немесе үәкілетті лауазымды тұлғаның электрондық цифрлық қол таңбамен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы уәжделген бас тарту болып табылады.

Мемлекеттік қызмет денсаулық сақтау саласындағы үәкілетті орган бекіткен тәртіппен ерікті біліктілік емтиханың (тестілеу және әңгімелесу) өткізу арқылы ұсынылады.

Тұтынушы МСЭҚК-ге және оның аумақтық департаменттеріне, МФҚБК аумақтық департаменттеріне сертификатты қағаз тасығышта алу үшін жүгінген жағдайда, сертификат электрондық форматта ресімделеді, басып шығарылады, мөрмен расталады және МФҚБК аумақтық департаменттері, МСЭҚК, МСЭҚК аумақтық департаменттері басшысының қолы қойылады.

Сертификат МФҚБК аумақтық департаменттерінің, МСЭҚК-нің және МСЭҚК аумақтық департаменттерінің басшысы оны беру туралы шешім шығарған құнінен бастап Қазақстан Республикасының аумағында бес жыл бойы қолданылады.

6. Мемлекеттік қызмет медициналық білімі бар сертификат алуға үміткер жеке тұлғаларға (бұдан әрі - тұтынушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет МФҚБК аумақтық департаментінде, МСЭҚК және оның аумақтық департаментінде ерікті біліктілік емтиханың өткізу тиісінше МФҚБК, МФҚБК аумақтық департаменттері, МСЭҚК немесе МСЭҚК аумақтық департаменттері бекітетін кестелерге (бұдан әрі - кестелер) сәйкес, тұтынушы осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде көрсетіледі;

2) құжаттарды тапсырған кезде ең ұзақ кезек күту уақыты - 20 минуттан аспайды;

3) құжаттарды алу кезіндегі ең ұзақ кезек күту уақыты - 20 минуттан аспайды;

4) порталда тиісінше МФҚБК-де, МФҚБК аумақтық департаменттерінде, МСЭҚК немесе МСЭҚК аумақтық департаменттерінде ерікті біліктілік емтиханың өткізу кестесіне сәйкес тұтынушы осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде көрсетіледі;

МСЭҚК, МСЭҚК аумақтық департаменттері немесе МФҚБК аumaқтық департаменттері осы стандартта белгіленген мерзімде тұтынушыға сертификатты бермеген не сертификатты беруден дәлелді бас

тартуды ұсынбаған жағдайда, онда оны беру мерзімі аяқталған күннен бастап сертификат берілді деп саналады.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Жұмыс кестесі:

1) МСЭҚК және оның аумақтық департаменттерінің, МФҚБК аумақтық департаменттерінің Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен.

Кестелер Министрліктің интернет-ресурсында ([www.mz.gov.kz](http://www.mz.gov.kz)) орналастырылады және МФҚБК аумақтық департаменттерінің, МСЭҚК аумақтық департаменттерінің үй-жайларында көпшілікке қолжетімді орындарында стенділерде ілінеді.

Құжаттарды қабылдау жұмыс күндері сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен жүзеге асырылады. Құжаттарды қабылдау кезек тәртібімен жүзеге асырылады, алдын ала жазылу және жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген;

2) порталда - тәулік бойы ұсынылады.

10. Мемлекеттік қызметті ұсыну орны:

1) құжаттарды толтыруға арналған орын МФҚБК аумақтық департаменті, МСЭҚК аумақтық департаменті ғимаратындағы қажетті құжаттардың тізбесі және өтініштерді толтыру үлгісі бар тағаммен жарақталған;

2) біліктілік емтиханын (тестілеу) өткізуғе арналған орын МСЭҚК-нің және оның аумақтық департаменттерінің, МФҚБК аумақтық департаменттерінің ғимаратында орналасқан. Үй-жайлар компьютерлермен жарақталған.

Біліктілік емтиханын (әңгімелесу) өткізуғе арналған орын МСЭҚК-нің және оның аумақтық департаменттерінің, МФҚБК аумақтық департаменттерінің ғимараттарында немесе медициналық білім беру және ғылым үйімдарында олардың келісімімен өткізіледі.

Дене мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін пандустар және лифтілер көзделген;

3) порталда - тұтынушының «жеке кабинетінде».

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртіби

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы төмендегідей құжаттарды ұсынады:

МСЭҚК және оның аумақтық департаменттеріне, МФҚБК аumaқтық департаменттеріне:

1) осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) тұтынушының жеке басын қуәландыратын құжат;

3) осы стандартқа 5 немесе 6-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша мәліметтер.

Тұтынушының өкілі жүгінген жағдайда – өкілдің жеке басын қуәландыратын құжат және өкілдік ету құқығына уәкілеттігін қуәландыратын құжат ұсынылады.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде бар жеке басты қуәландыратын құжаттардың мәліметтерін МСЭҚК, МСЭҚК аумақтық департаменттері, МФҚБК аумақтық департаменттері үәкілетті лауазымды тұлғанын ЭЦҚ қуәландырылған электрондық құжаттар нысанында портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Екінші, бірінші және жоғары санаттарды беруге арналған құжаттарды МСЭҚК департаментінің басқармаларында және аудандық деңгейдегі үйімдарда жұмыс істейтін санитариялық-эпидемиологиялық бейінді тұтынушылар, сондай-ақ екінші және бірінші санатты беруге арналған құжаттарды МСЭҚК аумақтық департаменттерінде және облыстық деңгейдегі үйімдарда жұмыс істейтін санитариялық-эпидемиологиялық бейінді тұтынушылар МСЭҚК аумақтық департаменттеріне тапсырады.

Екінші, бірінші және жоғары санаттарды беруге арналған құжаттарды республикалық маңызы бар үйімдарда жұмыс істейтін санитариялық-эпидемиологиялық бейінді тұтынушылар және жоғары санатты беруге арналған құжаттарды МСЭҚК аумақтық департаменттерінде және облыстық деңгейдегі үйімдарда жұмыс істейтін санитариялық-эпидемиологиялық бейінді тұтынушылар МСЭҚК-не тапсырады.

Порталда:

1) тұтынушының ЭЦҚ қуәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) осы стандартқа 5 немесе 6-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша мәліметтер.

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін арналған өтініштің нысаны [www.mz.gov.kz](http://www.mz.gov.kz) мекенжайы

бойынша Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылады, сондай-ақ МФҚБК аумақтық департаменттерінің, МСЭҚК-нің және оның аумақтық департаменттерінің үй-жайларында көшпілікке қолжетімді орындарда орналасқан стенділерде ілінеді.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алу үшін электрондық құжат нысанында сұрату толтырылады.

13. Құжаттарды қабылдау «жалғыз терезе» қағидаты бойынша осы стандартқа 1, 2-қосымшаларда көрсетілген мекенжайлар бойынша МСЭҚК-де және оның аумақтық департаменттерінде, МФҚБК аумақтық департаменттерінде тиісті кеңсе арқылы жүзеге асырылады.

Порталда электрондық сұратуды жіберу тұтынушының «жеке кабинеті» арқылы жүзеге асырылады. Сұрату автоматты түрде мемлекеттік органға – таңдал алынған қызметіне сәйкес адресатқа жіберіледі.

Тұтынушылар біліктілік санаты берілетін маман сертификатын алуға құжаттарды қолданыстағы маман сертификатының жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін кемінде алты ай бұрын МФҚБК аумақтық департаменттерінде немесе МСЭҚК-ге, МСЭҚК аумақтық департаменттерінде береді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда МФҚБК аумақтық департаментінің, МСЭҚК-нің немесе МСЭҚК аумақтық департаментінің қызметкері екі жұмыс күні ішінде құжаттарды одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тартуды береді.

Құжаттар қабылданған күннен бастап екі жұмыс күні өткеннен кейін МФҚБК аumaқтық департаменттері, МСЭҚК және оның аumaқтық департаменттері құжаттардың толық болмауы себебінен мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тартуға құқығы жоқ.

Егер тұтынушы құжаттарды толық көлемде ұсынған жағдайда, ол тестілеуге жіберіледі.

МФҚБК аumaқтық департаменттері, МСЭҚК және оның аumaқтық департаменттері өткізу орнын, күні мен уақытын көрсете отырып, тестілеуге және әңгімелесуге тұтынушылардың тізімін қалыптастырады және іледі.

Тұтынушы портал арқылы жүгінген кезде тестілеуді өткізу орны мен күні туралы ақпарат оның «жеке кабинетіне» жіберіледі.

Тестілеу мен әңгімелесу Ережеде айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

Тестілеудің нәтижесі теріс болған жағдайда тұтынушы әңгімелесуге жіберілмейді және оған сертификат берілмейді.

Тестілеудің оң нәтижесі тұтынушыға әңгімелесуге берілген рұқсат болып табылады.

Әңгімелесу тестілеу өткен күні жүргізіледі.

Әңгімелесудің (оң немесе теріс) нәтижесі туралы тұтынушыға ол аяқталғаннан кейін хабарланады.

Әңгімелесудің оң нәтижесі болған кезде тұтынушыға бес жылдық мерзімге сертификат беріледі.

14. Құжаттар тиісті кеңсе арқылы қабылданған жағдайда:

- 1) өтініштің нөмірі және қабылданған күні;
- 2) сұрату салынған мемлекеттік қызметтің түрі;
- 3) өтінішке қоса берілген құжаттардың саны;
- 4) өтінішті қабылдаған кеңсе қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде тұтынушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызметтің нәтижесін алған күні мен уақыты көрсетіле отырып мемлекеттік қызметті ұсыну үшін сұрату салудың қабылданғаны туралы хабарлама-есеп жіберіледі.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі тұтынушыға:

1) МСЭҚК-ге, МСЭҚК аumaқтық департаменттеріне, МФҚБК аumaқтық департаменттеріне жүгінген кезде – осы стандартқа 1, 2-қосымшаларда көрсетілген мекенжайлар бойынша қолма-қол (тұтынушының өзі не өкілінің келуі), сондай-ақ тұтынушының «жеке кабинетіне» жіберіледі;

2) порталға жүгінген кезде – тұтынушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.

16. Тестілеудің немесе әңгімелесудің теріс нәтижесін алу, сондай-ақ «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабында көзделген негіздер мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тартуға негіз болып табылады.

Порталда мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тартудың себебі көрсетілген дәлелді жауапты тұтынушы электрондық құжат нысанында «жеке кабинетінен» алады.

### **3. Жұмыс қағидаттары**

17. МФҚБК, МФҚБК аумақтық департаменттері, МСЭҚК, МСЭҚК аумақтық департаменттері мемлекеттік қызметті ұсыну кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

- 1) адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
- 2) занұлықты сақтау;
- 3) көрсетілетін қызмет жөніндегі толық ақпарат беру;
- 4) сипайлық;
- 5) тұтынушы қарauғa ұсынған құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету;
- 6) ақпаратты қорғau және оның құпиялылығы.

### **4. Жұмыс нәтижелері**

18. Тұтынушыларға мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелері осы стандартқа 7-қосымшаға сәйкес сапа мен тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. МСЭҚК-нің және оның аумақтық департаменттерінің, МФҚБК аумақтық департаменттерінің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапасы мен тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәндері жыл сайын осы мемлекеттік қызметтің стандартын әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның тиісті бүйрекімен бекітіледі.

### **5. Шағымдану тәртібі**

20. МФҚБК аумақтық департаменті немесе МСЭҚК, МСЭҚК аumaқтық департаменті қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіру, сондай-ақ шағымды дайындауға көмек көрсету осы стандартқа 1, 2-қосымшаларда көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша жүзеге асырылады.

Шағымдану тәртібі туралы ақпаратты «электрондық үкіметтің» call-орталығы (1414) телефоны арқылы да алуға болады.

21. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым МФҚБК аумақтық департаментінің немесе МСЭҚК-нің, МСЭҚК аumaқтық департаментінің жоғары түрған басшыларының атына осы стандартқа 1, 2-қосымшаларда көрсетілген мекенжайлар бойынша беріледі.

22. Тұтынушыға дөрекі қызмет көрсетілген жағдайда шағым осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша МФҚБК аumaқтық департаментінің немесе МСЭҚК, МСЭҚК аumaқтық департаменті басшысының атына беріледі.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, тұтынушы азаматтық заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

24. Шағымдар пошта арқылы жазбаша түрде не жұмыс күндері тиісті кеңсе арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымда тұтынушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), пошталық мекенжайы көрсетіледі. Шағымға тұтынушы қол қояды.

Шағымды беру кезінде МФҚБК аumaқтық департаментінің немесе МСЭҚК-нің, МСЭҚК аumaқтық департаментінің атавы, әрекетіне шағым жасалып отырған лауазымды тұлғалардың лауазымы, тегі, аты-жөні, өтініш беру себептері мен талаптары көрсетіледі.

25. Шағымды қабылдауды растау орналасқан жері осы стандартқа 1, 2-қосымшаларда көрсетілген МФҚБК-нің, МФҚБК аumaқтық департаментінің немесе МСЭҚК-нің және оның аumaқтық департаментінің кеңесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) болып табылады.

Шағымдарды қарau «Жеке және занұлы тұлғалардың өтініштерін қарau тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қантардағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

Шағымды қарau нәтижелері тұтынушыға поштамен жазбаша түрде тапсырыс тәртібінде не қол қойылып қолма-қол ұсыну арқылы хабарланады.

Шағымды қарау барысы туралы ақпаратты мекенжайлары осы стандартқа 1, 2-қосымшаларда көрсетілген МФҚБК-нің, МФҚБК аумақтық департаментінің немесе МСЭҚК-нің, МСЭҚК аумақтық департаментінің орналасқан жері бойынша алуға болады.

Портал арқылы жүгінген кезде электрондық өтініш жөнелтілгеннен кейін, тұтынушыға «жеке кабинетінен» МФҚБК-де, МФҚБК аумақтық департаменттерінде немесе МСЭҚК-де, МСЭҚК аумақтық департаменттерінде өтінішті өндөу барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

26. Мемлекеттік қызмет туралы қосымша ақпаратты алу үшін тұтынушы осы стандартқа 1, 2-қосымшаларға сәйкес көрсетілген мекенжайлар бойынша МФҚБК аумақтық департаментіне немесе МСЭҚК-ге, МСЭҚК аумақтық департаментіне жүгінеді.

«Біліктілік санатын берे отырып,  
маман сертификатын беру»  
мемлекеттік қызмет стандартына  
1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**  
**Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің**  
**және оның аумақтық департаменттерінің байланыс деректері**

P/c №	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті және оның аумақтық департаменттерінің атауы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті және оның аумақтық департаменттерінің орналасқан мекенжайы	Жұмыс кестесі	Аттестаттау, аккредиттеу және лицензиялау бөлімінің телефон нөмірі	Басшының телефон нөмірі
1	«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті» ММ (бұдан әрі – Комитет)	Астана қаласы, Министрліктер үйі, 5-кіреберіс	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дайін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дайін	8(7172) 74-32-79	8(7172) 74-32-79
2	«Комитеттің Астана қаласы бойынша департаменті» ММ	Астана қаласы, Иманов к-сі, 19 «Алматы» Бизнес-орталығы 11 қабат	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дайін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дайін	8(7172) 78-74-65	8(7172) 78-75-09
3	«Комитеттің Алматы қаласы бойынша департаменті» ММ	Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 63	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дайін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дайін	8(7272) 73-12-92	8(7272) 73-16-84

4	«Комитеттің Ақмола облысы бойынша департаменті» ММ	Көкшетау қаласы, Әуелбеков к-сі, 98	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8(7162) 25-14-43	8(7162) 40-18-86
5	«Комитеттің Ақтөбе облысы бойынша департаменті» ММ	Ақтөбе қаласы, Селиверстов к-сі, 9Б (Тілеу батыр)	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8(7132) 50-15-28	8(7132) 50-15-61
6	«Комитеттің Алматы облысы бойынша департаменті» ММ	Талдықорған қаласы, Жансүгіров к-сі, 149	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8(7282) 24-43-59	8(7282) 21-02-23
7	«Комитеттің Атырау облысы бойынша департаменті» ММ	Атырау қаласы, Байтұрсынов к-сі, 53	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8(7122) 27-31-94	8(7122) 27-31-94
8	«Комитеттің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» ММ	Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 215	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8(7112) 51-04-75	8(7112) 51-21-11
9	«Комитеттің Жамбыл облысы бойынша департаменті» ММ	Тараң қаласы, Қазыбек би к-сі, 142 а	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8(7262) 50-07-93 45-99-60	8(7262) 50-07-92
10	«Комитеттің Қарағанды облысы бойынша департаменті» ММ	Қарағанды қаласы, Шахтерлер даңғылы, 78	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8(7212) 79-29-86	8(7212) 33-42-48
11	«Комитеттің Қызылорда облысы бойынша департаменті» ММ	Қызылорда қаласы, Мұратбаев к-сі, 13	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8(7242) 23-45-34	8(7242) 23-48-97
12			жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға		

	«Комитеттің Қостанай облысы бойынша департаменті» ММ	Қостанай қаласы, Баймағамбетов к-сі, 195	дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8(7142) 54-36-26	8(7142) 54-98-90
13	«Комитеттің Маңғыстау облысы бойынша департаменті» ММ	Ақтау қаласы, 9-шағын аудан, 23	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8 (7292) 42-09-47	8(7292) 42-09-47
14	«Комитеттің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» ММ	Шымкент қаласы, Н. Төреқұлов к-сі, нөмірі жоқ	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8(7252) 41-30-17	8(7252) 41-30-97
15	«Комитеттің Павлодар облысы бойынша департаменті» ММ	Павлодар қаласы, Лермонтов к-сі, 59	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8(7182) 55-02-86	8(7182) 55-57-09
16	«Комитеттің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» ММ	Петропавл қаласы, Қазақстанның Конституциясы к-сі, 36	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8(7152) 46-97-39	8(7152) 36-02-22
17	«Комитеттің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» ММ	Өскемен қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 9/1	жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8(7232) 76-13-23	8(7232) 76-54-44

«Біліктілік санатын бере отырып,  
 маман сертификатын беру»  
 мемлекеттік қызмет стандартына  
 2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**  
**Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің**  
**және оның аумақтық департаменттерінің байланыс деректері**

P/c №	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті және оның аумақтық департаменттерінің атауы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті және оның аумақтық департаменттерінің орналасқан мекенжайы	Жұмыс кестесі	Лицензиялау бөлімінің телефон нөмірі	Басшын телефон нөмірі
	«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау		жұмыс күндері 9-00-ден 18-30-ға		

1	министрлігінің Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті» ММ (бұдан әрі - Комитет)	Астана қаласы, Министрліктер үйі, 5-кіреберіс	дейін түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін	8(7172) 74-32-80	8(717) 74-30-
1) мекенжайлары осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің облыстардың, респубикалық маңызы бар қаланың және астананың аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі - МФҚБК аумақтық департаменттері);

2) мекенжайлары осы стандартқа 2-қосымшада көрсетілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (бұдан әрі - МСЭҚК) және оның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі - МСЭҚК аумақтық департаменттері);

3) мекенжайлары осы стандартқа 3-қосымшада көрсетілген облыстардың, респубикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - әкімдіктер) көрсетеді.

Ресімделген құжаттарды қабылдауды және беруді мекенжайлары осы стандартқа 4-қосымшада көрсетілген МСЭҚК, МСЭҚК аумақтық департаменттері, МФҚБК аумақтық департаменттері, әкімдіктер немесе Халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі - Орталықтар), сондай-ақ «Электрондық үкімет» [www.e.gov.kz](http://www.e.gov.kz) веб-порталы арқылы немесе «Е лицензиялау» [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы мемлекеттік қызметті алушыда электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) болған жағдайда жүзеге асырады.

Шалғай елді мекендердің тұрғындарына мемлекеттік қызметтің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қызметті МобиЛЬДІК Орталықтар арқылы көрсетуге рұқсат етіледі.

МСЭҚК, МСЭҚК аумақтық департаменттері, МФҚБК аумақтық департаменттері немесе әкімдіктер осы стандартқа 5-қосымшада көрсетілген тізбеке сәйкес медициналық қызметтің кіші түрлерін лицензиялады.

### **2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.**

3. Мемлекеттік қызмет «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 13-бабының, Қазақстан Республикасының «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы, «Әкімшілік ресімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы, «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңдарының, «Медициналық және фармацевтикалық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2301 қаулысының негізінде жүзеге асырылады.

### **4. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат:**

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің [www.mz.gov.kz](http://www.mz.gov.kz) интернет-ресурсында;

2) порталда;

3) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі - РМК Орталық) [www.con.gov.kz](http://www.con.gov.kz) интернет-ресурсында;

4) тізбелері осы стандартқа 1, 2, 3 және 4-қосымшаларда көрсетілген МСЭҚК аумақтық департаменттерінің, МФҚБК аумақтық департаменттерінің, әкімдіктердің және Орталықтардың ғимараттарында орналастырылған стенділерде орналастырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты call-орталықтың телефоны (1414) бойынша да алуға болады.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі МСЭҚК, МСЭҚК аumaқтық департаменттерінің, МФҚБК аumaқтық департаменттерінің немесе әкімдіктің үәкілетті тұлғасы ЭЦҚ қойылған қағаз немесе электрондық құжатта лицензия беру, қайта ресімдеу, медициналық қызметке лицензияның телнұсқасын беру немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

6. Медициналық қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - мемлекеттік қызметті алушы) көрсетіледі.

### **7. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:**

МСЭҚК-нің, МСЭҚК аумақтық департаменттерінің, МФҚБК аумақтық департаменттерінің немесе әкімдіктің қенессіне хабарласқан кезде:

- 1) медициналық қызметке лицензия алу үшін - 15 жұмыс күні;
- 2) медициналық қызметке лицензияны қайта ресімдеу үшін - 10 жұмыс күні, телнұсқаны алу үшін - 2 жұмыс күні;
- 3) өтініш жасалған күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алғанға дейінгі ең ұзақ күту уақыты - жиырма минуттан аспайды;
- 4) өтініш жасалған күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің ең ұзақ уақыты - жиырма минуттан аспайды;
- 5) құжаттарды алу кезінде ең ұзақ кезек күту уақыты - жиырма минуттан аспайды.

МСЭҚК-нің, МСЭҚК аумақтық департаменттерінің, МФҚБК аумақтық департаменттерінің немесе әкімдіктің қызметкері ұсынылған құжаттардың толықтығын оларды алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде тексереді.

Ұсынылған құжаттарды толық болмау фактісі анықталған жағдайда МСЭҚК-нің, МСЭҚК аумақтық департаменттерінің, МФҚБК аумақтық департаменттерінің немесе әкімдіктің қызметкері өтінішті одан әрі қараудан көрсетілген мерзімде жазбаша дәлелді бас тартады.

Ұсынылған құжаттарды қабылдау күнінен бастап екі жұмыс күнінен кейін МСЭҚК-нің, МСЭҚК аумақтық департаменттерінің, МФҚБК аumaқтық департаменттерінің немесе әкімдіктің мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тартуға құқығы жоқ.

Орталықтарға хабарласқан кезде:

- 1) медициналық қызметке лицензия алу үшін - 15 жұмыс күні, құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді;
- 2) медициналық қызметке лицензияны қайта ресімдеу үшін - 10 жұмыс күні, телнұсқаны алу үшін - 2 жұмыс күні, құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді;
- 3) өтініш жасалған күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушаға дейінгі ең ұзақ күту уақыты - жиырма минуттан аспайды;
- 4) өтініш жасалған күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің ең ұзақ уақыты - жиырма минуттан аспайды;
- 5) құжаттарды алу кезінде ең ұзақ кезек күту уақыты - жиырма минуттан аспайды.

Бұл ретте МСЭҚК, МСЭҚК аумақтық департаменті, МФҚБК аумақтық департаменті немесе әкімдік мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін Орталықтарға мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір күн бұрын ұсынады.

Порталға кірген кезде:

- 1) медициналық қызметке лицензия алу үшін - 15 жұмыс күні;
- 2) медициналық қызметке лицензияны қайта ресімдеу үшін - 10 жұмыс күні, телнұсқаны алу үшін - 2 жұмыс күні;

8. Мемлекеттік қызмет медициналық қызметпен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжат (тубіртек) ұсына отырып ақылы негізде ұсынлады.

Лицензиялық алым осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды тапсырғанға дейін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер (Салық Кодексі) туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген ставкалар бойынша төленеді.

Мемлекеттік қызметті алушаға портал арқылы электрондық сұрау салған жағдайда «электрондық үкімет» төлем шлюзі (бұдан әрі - ӘТҮШ) арқылы төлеу жүзеге асырылады.

9. Жұмыс кестесі:

- 1) Орталықтарда - күн сайын еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін есептемегендеге белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден сенбі күнін қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін үзіліссіз.

Құжаттарды қабылдау жеделдетілген қызметсіз «электрондық» кезек тәртібінде жүзеге асырылады.

Мобильдік Орталықтар құжаттарды қабылдауды көші-қон полициясының аумақтық басқармаларының және жергілікті атқарушы органдардың бірлесіп бекіткен кестесіне сәйкес, бірақ бір елді мекенде кемінде алты жұмыс сағатында жүзеге асырылады.

2) МСЭҚК-де, МСЭҚК аумақтық департаменттерінде, МФҚБК аумақтық департаменттерінде немесе әкімдіктерде құжаттарды қабылдау демалыс және мереке күндерін қоспағанда жұмыс күндері сағат

13-00-ден 14-30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 09-00-ден 17-00-ге дейін жүзеге асырылады.

Қабылдау кезек тәртібімен жүзеге асырылады, алдын ала жазылу және жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген.

Порталдың жұмыс кестесі – тәулік бойы.

10. МСЭҚК, МСЭҚК аумақтық департаменттерінің, МФҚБК аумақтық департаменттерінің немесе әкімдіктердің үй-жайларында жеке есік, күту және құжаттарды дайындау залы, анықтама бюросы, күтүге арналған креслолар, толтырылған бланкілердің үлгілері бар ақпараттық стенділер бар. Мүмкіндігі шектеулі мемлекеттік қызметті алушыларға қызмет көрсету үшін жағдайлар көзделген.

Мемлекеттік қызмет мемлекеттік қызметті алушының түрғылықты жері бойынша да Орталықтың ғимаратында көрсетіледі, онда мүмкіндігі шектеулі мемлекеттік қызметті алушыларға қызмет көрсету үшін жағдайлар көзделген, сондай-ақ порталда жеке кабинетте көрсетіледі.

Залда анықтама бюросы, күту креслолары, бланкілерді толтыру үлгілері бар ақпараттық стенділер орналасқан.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы мынадай құжаттарды ұсынады:

МСЭҚК-ге, МСЭҚК аумақтық департаменттеріне, МФҚБК аумақтық департаменттеріне немесе әкімдікке:

- 1) осы стандартқа 6, 7-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) занды тұлға үшін - жарғының көшірмесі және түпнұсқасы (экспорттық және импорттық операцияларды қоспағанда);
- 3) өтініш берушіні салық органына есепке қою туралы куәліктің көшірмесі және түпнұсқасы;
- 4) дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;
- 5) жеке тұлға үшін - мемлекеттік қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат;
- 6) қызметтің жекелеген түрімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымды бюджетке төлегенін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 7) осы стандартқа 8-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар.

МСЭҚК, МСЭҚК аумақтық департаменттері, МФҚБК аумақтық департаменттері немесе әкімдік порталдың ақпараттық жүйесі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын құжаттар туралы мәліметті - занды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті және жеке басын куәландыратын құжатты алады.

Құжаттарды қабылдау кезінде МСЭҚК-нің, МСЭҚК аумақтық департаментінің, МФҚБК аумақтық департаментінің және әкімдіктің қызметкери құжаттардың түпнұсқасының дұрыстығын құжаттардың көшірмелерімен және мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйесінен ұсынылған мәліметтермен салыстырады, одан кейін түпнұсқаларды мемлекеттік қызметті алушыға қайтарады.

Мемлекеттік қызметті алушы құжаттардың түпнұсқасын ұсынбаған жағдайда оның нотариаттық расталған көшірмелері ұсынылады.

Лицензиясы бар қызметтің түрі шенберінде лицензияға қосымша алу үшін мемлекеттік қызметті алушы мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) осы стандартқа 6, 7-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) лицензия туралы мәлімет ([www.license.kz](http://www.license.kz) порталында бар болса) не салыстыру үшін лицензияның көшірмесі және түпнұсқасы (бар болған жағдайда);
- 3) осы стандартқа 8-қосымшаға сәйкес қызметтің кіші түріне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар.

МСЭҚК, МСЭҚК аумақтық департаменттері, МФҚБК аумақтық департаменттері немесе әкімдік порталдың ақпараттық жүйесі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын құжаттар туралы мәліметті - занды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті және жеке басын куәландыратын құжатты алады.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша жоғалған, бұлінген жағдайда мемлекеттік қызметті

алушы лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын алуға құқылы және мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын беру туралы өтініш;
- 2) телнұсқаны беру үшін лицензиялық алымды бюджетке төлегенін растайтын құжат;

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеген кезде мемлекеттік қызметті алушы мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) қайта ресімдеу туралы өтініш (қызмет түрінің атавы және (немесе) түрі өзгергеннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде);
- 2) лицензияны қайта ресімдеу кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымды бюджетке төлегенін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 3) лицензия және лицензияға қосымшаның деректері ([www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) порталында бар болса) немесе лицензияның және лицензияға қосымшаның көшірмелері (бар болған жағдайда).

МСЭҚК, МСЭҚК аумақтық департаменттері, МФҚБК аумақтық департаменттері немесе әкімдік порталдарың ақпараттық жүйесі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ЭЦҚ куәландарылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын құжаттар туралы мәліметті - занды тұлға ретіндегі мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті және жеке басын куәландаратын құжатты алады.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша мынадай жағдайларда:

- 1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты өзгергенде;
- 2) дара кәсіпкерді қайта тіркегенде, оның атавы мен мекенжайы өзгергенде;
- 3) занды тұлғаны біріктіру, қосу, бөлу немесе қайта құру нысанында қайта ұйымдастыру кезінде;
- 4) занды тұлғаның атавы және (немесе) занды мекенжайы өзгергенде қайта ресімдеуге жатады.

Мемлекеттік қызметті алушы қайта ресімделген лицензияны алған кезде бұрын берілген лицензияны және лицензияға қосымшаны (бар болған жағдайда) МСЭҚК-ге, МСЭҚК аумақтық департаментіне, МФҚБК аумақтық департаментіне немесе әкімдікке қайтарады.

Орталықта:

- 1) осы стандартқа 6, 7-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) занды тұлға үшін - жарғының көшірмесі және түпнұсқасы;
- 3) мемлекеттік қызметті алушыны салық органына есепке қою туралы куәліктің көшірмесі және түпнұсқасы;
- 4) қызметтің жекелеген түрімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымды бюджетке төлегенін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 5) жеке тұлға үшін - мемлекеттік қызметті алушының жеке басын куәландаратын құжат;
- 6) дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;
- 7) осы стандартқа 8-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар;

Құжаттардың мәліметтерін - мемлекеттік электрондық ақпараттың ресурстар болып табылатын занды тұлға ретіндегі мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті, жеке басын куәландаратын құжаттарды МСЭҚК, МСЭҚК аумақтық департаменттері, МФҚБК аумақтық департаменттері немесе әкімдік ЭЦҚ куәландарылған электрондық құжаттар нысанында Орталықтардың ақпараттық жүйесі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Құжаттарды қабылдау кезінде Орталық қызметкери құжаттардың түпнұсқасының дұрыстығын құжаттардың көшірмелерімен және мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйесінен ұсынылған мәліметтермен салыстырады, одан кейін түпнұсқаларды мемлекеттік қызметті алушыға қайтарады.

Мемлекеттік қызметті алушы салыстыру үшін құжаттардың түпнұсқасын ұсынбаған жағдайда олардың нотариаттық расталған көшірмелері ұсынылады.

Лицензиясы бар қызмет түрі шенберінде лицензияға қосымша алу үшін мемлекеттік қызметті алушы мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) осы стандартқа 6, 7-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) лицензия мәліметі ([www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) порталында бар болса) немесе лицензия көшірмесі (салыстыру үшін құжаттардың түпнұсқасы ұсынылаған жағдайда нотариаттық куәландарылған) (бар болған жағдайда);

3) осы стандартқа 8-қосымшаға сәйкес қызметтің кіші түріне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар.

Құжаттардың мәліметтерін - мемлекеттік электрондық ақпараттың ресурстар болып табылатын заңды тұлға ретіндегі мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті, жеке басын куәландаратын құжаттарды МСЭҚК, МСЭҚК аумақтық департаменттері, МФҚБК аумақтық департаменттері немесе әкімдік ЭЦҚ куәландарылған электрондық құжаттар нысанында Орталықтардың ақпараттық жүйесі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша жоғалған, бұлғында мемлекеттік қызметті алушы лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын алуға құқылы және мынадай құжаттарды ұсынады:

1) лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын беру туралы өтініш;

2) телнұсқаны беру үшін лицензиялық алымды бюджетке төлегенін растайтын құжаттың көшірмесі (салыстыру үшін түпнұсқа ұсынылмаған жағдайда нотариаттық куәландарылған).

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеген кезде мемлекеттік қызметті алушы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) қайта ресімдеу туралы өтініш (қызмет түрінің және (немесе) кіші түрінің атауы өзгергеннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде);

2) лицензияны қайта ресімдеу кезінде қызметтің жекелеген түрімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымды бюджетке төлегенін растайтын құжат;

3) лицензияның және лицензияға қосымшаны деректері ([www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) порталында бар болса) не лицензияның және лицензияға қосымшаның көшірмелері (бар болған жағдайда).

Мемлекеттік электрондық ақпараттың ресурстары болып табылатын құжаттардың мәліметтерін МСЭҚК, МСЭҚК аумақтық департаменттері, МФҚБК аумақтық департаменттері немесе әкімдік тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден ЭЦҚ куәландарылған электрондық құжат нысанында Орталықтардың ақпараттық жүйесі арқылы алады.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша мынадай жағдайларда:

1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты өзгергенде;

2) дара кәсіпкерді қайта тіркеген кезде, оның атауы мен мекенжайы өзгергенде;

3) заңды тұлғаның біріктіру, қосу, бөлу немесе қайта құру нысанында қайта ұйымдастыру кезінде;

4) заңды тұлғаның атауы және (немесе) заңды мекенжайы өзгергенде қайта ресімдеуге жатады.

Мемлекеттік қызметті алушы қайта ресімделген лицензияны алған кезде бұрын берілген лицензияны және лицензияға қосымшаны (бар болған жағдайда) Орталыққа қайтарады.

Порталға:

1) ЭЦҚ куәландарылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) заңды тұлғаның жарғысы – сканерленген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса беріледі;

3) мемлекеттік қызметті алушыны салық органына есепке қою туралы куәліктің көшірмесі;

4) дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәлік- электрондық сауалға сканерленген көшірме түрінде тіркеледі;

5) ЭҮТШ арқылы лицензиялық алымды бюджетке төлегені туралы мәлімет;

6) осы стандартқа 8-қосымшада көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар – сканерленген көшірмелер түрінде электрондық сұрау салуға қоса беріледі.

МСЭҚК, МСЭҚК аумақтық департаменттері, МФҚБК аумақтық департаменттері немесе әкімдік тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден ЭЦҚ куәландарылған электрондық құжат нысанындағы Порталдың ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік электрондық ақпараттың ресурстары болып табылатын – заңды тұлға ретіндегі мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, жеке басын куәландаратын құжаттарының мәліметтерін алады.

Лицензиясы бар қызмет түрі шенберінде лицензияға қосымша алу үшін мемлекеттік қызметті алушы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ЭЦҚ куәландарылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) лицензия мәліметі ([www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) порталында бар болған кезде) не электрондық сұрау салуға қоса берілетін сканерленген көшірме түріндегі лицензия;

3) осы стандартқа 8-қосымшаға сәйкес қызметтің кіші түріне қойылатын біліктілік

талаңтарына сәйкес электрондық сұрау салуға қоса берілетін сканерленген көшірмелер түріндегі мәліметтер мен құжаттар.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын мәліметтерді МСЭҚК, МСЭҚК аумақтық департаменті, МФҚБК аумақтық департаменті немесе әкімдік ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжаттар нысанында портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша жоғалған, бүлінген кезде мемлекеттік қызметті алушы лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшасын телнұсқасын алуға құқылы және мынадай құжаттарды ұсынады:

ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанында сұрау салу;

ӘҮТШ арқылы лицензиялық алымды бюджетке төлегені туралы мәлімет.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшасы қайта ресімдеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушы сұрау салады.

Қайта ресімдеу туралы сұрау салуды мемлекеттік қызметті алушы мынадай деректерді ұсына отырып құнтізбелік отыз күн ішінде ұсынады:

1) лицензиялық алымды бюджетке төлегені туралы мәлімет;

2) лицензия мәліметтері ([www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) порталында бар болған кезде) не электрондық сұрау салуға қоса берілетін сканерленген көшірмелер түріндегі лицензияға қосымша.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын мәліметтерді МСЭҚК, МСЭҚК аумақтық департаменті, МФҚБК аумақтық департаменті немесе әкімдік ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжаттар нысанында портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Мемлекеттік қызметті алушы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшасы мынадай жағдайларда:

1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты өзгергенде;

2) дара кәсіпкер қайта тіркелген кезде, оның атауы мен мекенжайы өзгергенде;

3) занды тұлғаны біріктіру, қосу, бөлу немесе қайта құру түрінде қайта үйімдастыру кезінде;

4) занды тұлғаның атауы және (немесе) занды мекенжайы өзгергенде қайта ресімдейді.

12. Лицензияны, лицензияға қосымшасы алуға, қайта ресімдеуге, лицензияның телнұсқасын беруге арналған өтініштің нысаны Министрліктің интернет-ресурсында, сондай-ақ МСЭҚК-нің, МСЭҚК аумақтық департаменттерінің, МФҚБК аумақтық департаменттерінің немесе әкімдіктердің үй-жайларында орналастырылады.

Орталықтарда бекітілген нысандарды өтініштердің бланкілері күту залындағы арнайы бағандарда, сондай-ақ «Орталық» РМК-нің [www.con.gov.kz](http://www.con.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылады.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алу үшін электрондық құжат нысанында сұрау салу толтырылады.

13. Құжаттарды қабылдау «бір терезе» қағидаты бойынша МСЭҚК-нің, МСЭҚК аумақтық департаментінің, МФҚБК аумақтық департаментінің немесе әкімдіктің кеңесі арқылы күн сайын аптасына бес рет дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін жүзеге асырылады.

Орталықтарда құжаттарды қабылдау операциялық залында «кедергісіз» қызмет көрсету арқылы жүзеге асырылады.

Порталда электрондық сұрау салуды жөнелту мемлекеттік қызметті алушының «жеке кабинетінен» жүзеге асырылады. Сұрау салу автоматты түрде мемлекеттік органға – таңдалған қызметке сәйкес мекенжайға жіберіледі.

14. Құжаттарды МСЭҚК-нің, МСЭҚК аумақтық департаментінің, МФҚБК аумақтық департаментінің немесе әкімдіктің кеңесі арқылы қабылдау кезінде мемлекеттік қызметті алушыға:

өтініштің нөмірі мен күні;

сұрау салынған мемлекеттік қызметтің түрі;

өтінішке қоса берілген құжаттардың саны;

құжатты қабылдаған кеңес қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіле отырып, тиісті құжаттардың қабылданған туралы қолхат беріледі.

Құжаттарды Орталық арқылы қабылдаған кезде мемлекеттік қызметті алушыға:

сұрау салудың нөмірі және қабылдаған күні;

сұрау салынған мемлекеттік қызметтің түрі;

қоса берілген құжаттар саны және атаяу;  
құжаттарды беру күні (уақыты) және орны;  
құжатты ресімдеуге өтінішті қабылдаған Орталық қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты;  
мемлекеттік қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты, өкілеттік берілген өкілдің тегі,  
аты, әкесінің аты және олардың байланыс телефондары көрсетіле отырып, тиісті құжаттардың  
қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Портал арқылы өтініш берілген кезде, мемлекеттік қызметті алушыға порталдағы «жеке  
кабинетіне» мемлекеттік қызметтің нәтижесін алушының алу күні мен уақытын көрсете отырып,  
мемлекеттік қызметті ұсыну үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы хабарлама-есеп жіберіледі.

15. Дайын құжаттарды беруді өтініш қабылдаған күні берілген қолхатта көрсетілген мерзімде  
МСЭҚК, МСЭҚК аумақтық департаменттері, МФҚБК аумақтық департаменттері немесе әкімдіктер жүзеге  
асырады.

Бұл ретте мемлекеттік қызметті алушыға ресімделген құжатты беру фактісі құжаттарды беруді  
есепке алу журналында тіркеледі (алушы журналға қол қояды).

Орталықта дайын құжаттарды мемлекеттік қызметті алушыға беруді Орталық қызметкері күн  
сайын «терезе» арқылы қолхат негізінде ондағы көрсетілген мерзімде жүзеге асырады.

Егер мемлекеттік қызметті алушы қызмет нәтижесіне көрсетілген мерзімде келмеген жағдайда,  
Орталық олардың бір ай ішінде сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін оларды МСЭҚК-ге, МСЭҚК  
аумақтық департаментіне, МФҚБК аумақтық департаментіне немесе әкімдікке береді. Қызмет  
көрсетудің нәтижесі мемлекеттік қызметті алушыға порталдағы «жеке кабинетіне» жіберіледі.

16. Егер:

1) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда қызметтің жекелеген түрлерімен  
айналысу құқығы үшін лицензиялық алым енгізілмесе;

2) мемлекеттік қызметті алушы біліктілік талаптарына сай келмесе;

3) мемлекеттік қызметті алушыға лицензия беру келісуші мемлекеттік органмен келісілмесе;

4) мемлекеттік қызметті алушыға қатысты оған қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым  
салатын зандау күшіне енген сот үкімі болса мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тартылады.

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту кезінде Орталық қызметкері мемлекеттік қызметті алушыға  
жетіспейтін құжаттарды көрсете отырып қолхат береді.

Егер МСЭҚК, МСЭҚК аумақтық департаменті, МФҚБК аумақтық департаменті немесе әкімдік осы  
стандарта белгіленген мерзімде мемлекеттік қызметті алаушыға лицензияны және (немесе) лицензияға  
қосымшаны бермеген жағдайда не лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден дәлелді бас  
тартуды ұсынбаған жағдайда оларды берудің мерзімі аяқталған күннен бастап лицензия және (немесе)  
лицензияға қосымша берілді деп есептеледі.

МСЭҚК, МСЭҚК аумақтық департаменті, МФҚБК аумақтық департаменті немесе әкімдік лицензияны  
және (немесе) лицензияға қосымшаны беру мерзімі аяқталған сәттен бастап бес жұмыс күнінен  
кешіктірмей мемлекеттік қызметті алушыға тиісті лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны  
беруге міндetti.

Бес жұмыс күні өткеннен кейін лицензия және (немесе) лицензияға қосымша берілмеген  
жағдайда лицензия және (немесе) лицензияға қосымша алынған болып есептеледі, ал лицензияны  
алғанға дейін лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асырудың зандаулығын растайтын құжат МСЭҚК-нің,  
МСЭҚК аумақтық департаментінің, МФҚБК аумақтық департаментінің немесе әкімдіктің кенесінде  
құжаттарды қабылдау күні туралы белгісі бар тізімдеменің көшірмесі болып табылады.

### 3. Жұмыс қағидаттары

17. МСЭҚК, МСЭҚК аумақтық департаментінің, МФҚБК аумақтық департаментінің, әкімдіктің және  
Орталықтың қызметі:

- адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтауға;
- зандаулықты сақтауға;
- көрсетілетін қызмет туралы толық ақпарат беруге;

- 4) сырткылықта;
- 5) мемлекеттік қызметті алушының қарастырылған құжаттарының сақталуын қамтамасыз етуге;
- 6) ақпаратты қорғау және оның құпиялығына негізделеді.

#### 4. Жұмыс нәтижесі

18. Мемлекеттік қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелері осы стандартқа 9-қосымшаға сәйкес сапа мен тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. МСЭҚК-нің, МСЭҚК аумақтық департаментінің, МФҚБК аумақтық департаментінің, әкімдіктің және Орталықтың жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапасы мен тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәндері жыл сайын осы мемлекеттік қызметтің стандарттарын әзірлеуге жауапты мемлекеттік органдың тиісті бүйрекімен бекітіледі.

#### 5. Шағымдану тәртібі

20. МСЭҚК-нің, МСЭҚК аumaқтық департаментінің, МФҚБК аumaқтық департаментінің, әкімдіктің және Орталық қызметкерлерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіру, сондай-ақ шағымды дайындауда жәрдемдесу тиісінше осы стандартқа 1, 2 және 3-қосымшаларда көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша жүзеге асырылады.

Орталық қызметкерлерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты call-орталықтың телефоны (1414) бойынша немесе осы стандартқа 4-қосымшада көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша алуға болады.

21. Мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым осы стандартқа 1, 2, 3-қосымшаларда көрсетілген мекенжайлар бойынша МСЭҚК, МСЭҚК аumaқтық департаменті, МФҚБК аumaқтық департаменті немесе әкімдік басшыларының атына беріледі.

Орталықта көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда шағым мекенжайы мен телефоны осы стандарттың 26-тармағында көрсетілген «Орталық» РМК-ге беріледі.

22. Мемлекеттік қызметті алушыға қызмет дұрыс көрсетілмеген жағдайда МСЭҚК-нің, МСЭҚК аumaқтық департаментінің, МФҚБК аumaқтық департаментінің немесе әкімдік қызметкерлерінің әрекетіне шағым осы стандартқа 1, 2, 3, 4-қосымшаларда көрсетілген мекенжай бойынша олардың басшыларының атына беріледі.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметті алушы зәңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

24. Шағымдар пошта арқылы жазбаша нысанда не МСЭҚК-нің, МСЭҚК аumaқтық департаментінің, МФҚБК аumaқтық департаментінің, әкімдіктің немесе «Орталық» РМК-нің кеңесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымда жеке тұлға үшін – тегі, аты, әкесінің аты, пошталық мекенжайы, занды тұлға үшін – оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Шағымға мемлекеттік қызметті алушы қол қоюы тиіс.

Шағым берілген кезде әрекетіне шағым жасалған лауазымды тұлғалардың тегі мен аты-жөні, өтініштің себептері мен талаптары көрсетіледі.

Шағымға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі қоса беріледі.

25. Шағымды қабылдауды растау орналасқан жерлері осы стандартқа 1, 2 және 3-қосымшаларда көрсетілген МСЭҚК-нің, МСЭҚК аumaқтық департаментінің, МФҚБК аumaқтық департаментінің немесе әкімдіктің кеңесінде немесе мекенжайы осы стандарттың 26-тармағында көрсетілген «Орталық» РМК кеңесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) болып табылады.

Шағымдарды қарасты «Жеке және занды тұлғалардың өтініштерін қарасты тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қантардағы Заңында көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

Шағымды қарасты нәтижелері туралы мемлекеттік қызметті алушыға пошта арқылы жазбаша түрде хабарланады.

Шағымды қарау барысы туралы ақпаратты МСЭҚК, МСЭҚК аумақтық департаменттерінен, МФҚБК аумақтық департаменттерінен немесе әкімдіктерден осы стандартқа 1, 2, 3-қосымшаларда көрсетілген телефондар бойынша және телефоны осы стандарттың 26-тармағында көрсетілген «Орталық» РМК-ден алуға болады.

Қолма-қол келіп түсken және пошта арқылы келген шағымның қабылданғанын растау оны Орталықтың немесе «Орталық» РМК кеңесінде (шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа мөртабан, кіріс нөмірі мен тіркеу күні қойылады) тіркеу болып табылады.

Мемлекеттік қызметті алушыға шағымды қабылдаған тұлға оның шағымының қабылданғанын растау үшін нөмірі, күні, шағымды қабылдаған тұлғаның тегі, байланыс деректері көрсетілген қолхат береді.

26. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Сол жағалау, Орынбор көшесі, 8, Министрліктер үйі, № 5 кіреберіс, ақпараттық-анықтамалық қызмет телефоны 8 (7172) 74-32-79, интернет-ресурсы: [www.mz.gov.kz](http://www.mz.gov.kz).

«Орталық» РМК-нің мекенжайы 010000, Астана қаласы, Республика даңғылы, № 43 «а», телефоны: 8 (7172) 94-99-93, интернет-ресурсы: [www.con.gov.kz](http://www.con.gov.kz).

«Медициналық қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру»

мемлекеттік қызмет стандартына

1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің  
Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің  
және оның аумақтық департаменттерінің байланыс деректері**

p/c №	Департаменттің атаяу	Департаменттің орналасқан мекенжайы	Жұмыс кестесі	Аттестаттау, аккредиттеу және лицензиялау бөлімінің телефон нөмірлері	Басшының телефон нөмірі
1	2	3	4	5	6
1	«Комитеттің Ақмола облысы бойынша департаменті» ММ	Көкшетау қаласы, ӘユЕЛБЕКОВ к-сі, 98	жұмыс күндері сағ. 9-00-ден бастап 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағ 13-00-ден бастап 14-30-ға дейін	8(7162) 25-14-43	8(7162) 40-18-86
2	«Комитеттің Павлодар облысы бойынша департаменті» ММ	Павлодар қаласы, Лермонтов к-сі, 59	жұмыс күндері сағ. 9-00-ден бастап 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағ 13-00-ден	8(7182) 55-02-86	

			бастап 14-30-ға дейін		8(7182) 55-57-09
3	«Комитеттің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» ММ	Өскемен қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 9/1	жұмыс күндері сағ. 9-00-ден бастап 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағ 13-00-ден бастап 14-30-ға дейін	8(7232) 76-13-23	8(7232) 76-54-44
4	«Комитеттің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» ММ	Орал қаласы Достық-Дружба даңғылы, 215	жұмыс күндері сағ. 9-00-ден бастап 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағ 13-00-ден бастап 14-30-ға дейін	8(7112) 51-04-75	8(7112)51-21-11
5	«Комитеттің Алматы облысы бойынша департаменті» ММ	Талдықорған қаласы, Жансүгіров к-сі, 149.	жұмыс күндері сағ. 9-00-ден бастап 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағ 13-00-ден бастап 14-30-ға дейін	8(7282) 24-43-59	8(7282) 21-02-23
6	«Комитеттің Астана қаласы бойынша департаменті» ММ	Астана қаласы Иманов к-сі, 19 «Алматы» бизнес-орталығы 11 қабат	жұмыс күндері сағ. 9-00-ден бастап 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағ 13-00-ден бастап 14-30-ға дейін	8(7172) 78-74-65	8(7172) 78-75-09
7	«Комитеттің Қостанай облысы бойынша департаменті» ММ	Қостанай қаласы, Баймағамбетов к-сі, 195	жұмыс күндері сағ. 9-00-ден бастап 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағ 13-00-ден бастап 14-30-ға дейін	8(7142) 54-36-26	8(7142)54-98-90

8	«Комитеттің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» ММ	Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы к-сі, 36	жұмыс күндері сағ. 9-00-ден бастап 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағ 13-00-ден бастап 14-30-ға дейін	8(7152) 46-97-39	8(7152) 36-02-22
9	«Комитеттің Алматы қаласы бойынша департаменті» ММ	Алматы қаласы, Абылайхан даңғылы, 63	жұмыс күндері сағ. 9-00-ден бастап 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағ 13-00-ден бастап 14-30-ға дейін	8(7272) 73-12-92	8(7272)73-16-84
10	«Комитеттің Қызылорда облысы бойынша департаменті» ММ	Қызылорда қаласы қаласы, Мұратбаев к-сі, 13	жұмыс күндері сағ. 9-00-ден бастап 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағ 13-00-ден бастап 14-30-ға дейін	8(7242) 23-45-34	8(7242)23-48-97
11	«Комитеттің Атырау облысы бойынша департаменті» ММ	Атырау қаласы Байтұрсынов к-сі 53	жұмыс күндері сағ. 9-00-ден бастап 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағ 13-00-ден бастап 14-30-ға дейін	8(7122) 27-31-94	8(7122) 27-31-94
12	«Комитеттің Ақтөбе облысы бойынша департаменті» ММ	Ақтөбе қаласы Селиверстов к-сі, 9б (Тілеу батыр)	жұмыс күндері сағ. 9-00-ден бастап 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағ 13-00-ден бастап 14-30-ға дейін	8(7132) 50-15-28	8(7132)50-15-61
			жұмыс күндері сағ. 9-00-ден бастап		

13	«Комитеттің Қарағанды облысы бойынша департаменті» ММ	Қарағанды қаласы, Шахтерлер даңғылы, 78	18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағ 13-00-ден бастап 14-30-ға дейін	8(7212) 79-29-86	8(7212)33-42-48
14	«Комитеттің Жамбыл облысы бойынша департаменті» ММ	Тараз қаласы, Қазыбек би к-сі, 142 а	жұмыс күндері сағ. 9-00-ден бастап 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағ 13-00-ден бастап 14-30-ға дейін	8(7262) 50-07-93 45-99-60	8(7262) 50-07-92
15	«Комитеттің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» ММ	Шымкент қаласы, Н. Тереңұлов к-сі, нөмірі жоқ	жұмыс күндері сағ. 9-00-ден бастап 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағ 13-00-ден бастап 14-30-ға дейін	8(7252) 413017	8(7252) 41 30 97
16	«Комитеттің Маңғыстау облысы бойынша департаменті» ММ	Ақтау қаласы, 9-шағын аудан, 23-үй	жұмыс күндері сағ. 9-00-ден бастап 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағ 13-00-ден бастап 14-30-ға дейін	8 (7292) 420947	8(7292) 420947

«Медициналық қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнүсқасын беру» мемлекеттік қызмет стандартына 2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің  
Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті  
және оның аумақтық департаменттерінің байланыс деректері**

Департаменттің атаяу	Жұмыс кестесі	лицензиялау бөлімінің
----------------------	---------------	-----------------------

p/c №		Департаменттің орналасқан мекенжайы		телефон нөмірлері	Басшының телефон нөмірі
1	2	3	4	5	6
1	«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті» ММ (бұдан әрі - Комитет)	Астана қаласы, Министрліктер үйі, 5 кіреberіс	жұмыс күндері сағат. 9.00-ден бастап 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден бастап 14.30- ға дейін	8(7172) 74-32-80	8(7172) 74-30-66
2	«Комитеттің Ақмола облысы бойынша департаменті» ММ	Кекшетау қаласы, Кенесары к-сі, 14а	жұмыс күндері сағат. 9.00-ден бастап 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден бастап 14.30- ға дейін	8(7162) 26-86-68 26-63-38	8(7162) 26-55-88
3	«Комитеттің Павлодар облысы бойынша департаменті» ММ	Павлодар қаласы, Торайғыров к-сі, 70/2	жұмыс күндері сағат. 9.00-ден бастап 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден бастап 14.30-ға дейін	8(7182) 55-44-68 55-48-24	8(7182) 55-39-14 55-67-82
4	«Комитеттің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» ММ	Өскемен қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 17	жұмыс күндері сағат. 9.00-ден бастап 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден бастап 14.30-ға дейін	8(7232) 53-43-77 53-74-46 53-56-27	8(7232) 76-78-13 қабылдау бөлмесі
5	«Комитеттің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» ММ	Орал қаласы Д. Нұрпейісова к-сі, 19	жұмыс күндері сағат. 9.00-ден бастап 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден бастап 14.30-ға дейін	8(7112) 50-50-91	8(7112) 51-27-66
6	«Комитеттің Алматы облысы бойынша департаменті» ММ	Талдықорған қаласы, Сланов к-сі, 85а.	жұмыс күндері сағат. 9.00-ден бастап 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден бастап 14.30-ға дейін	8(7282) 21-21-57 24-39-57	8(7282) 21-05-60

7	«Комитеттің Астана қаласы бойынша департаменті» ММ	Астана қаласы Желтоқсан к-сі, 46	жұмыс күндері сағат. 9.00-ден бастап 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден бастап 14.30-ға дейін	8(7172) 31-55-02 31-72-75 31-71-18	8(7172) 31-71-39
8	«Комитеттің Қостанай облысы бойынша департаменті» ММ	Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 113	жұмыс күндері сағат. 9.00-ден бастап 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден бастап 14.30-ға дейін	8(7142) 54-70-71	8(7142) 54-21-09
9	«Комитеттің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» ММ	Петропавл қаласы, Бейбітшілік к-сі, 236	жұмыс күндері сағат. 9.00-ден бастап 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден бастап 14.30-ға дейін	8(7152) 52-14-45	8(7152) 41-16-64
10	«Комитеттің Алматы қаласы бойынша департаменті» ММ	Алматы қаласы, Жібек жолы, 5	жұмыс күндері сағат. 9.00-ден бастап 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден бастап 14.30-ға дейін	8(727) 382-36-75 382-36-03	8(727) 230-67-05
11	«Комитеттің Қызылорда облысы бойынша департаменті» ММ	Қызылорда қаласы, Чайковский к-сі, 10	жұмыс күндері сағат. 9.00-ден бастап 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден бастап 14.30-ға дейін	8(7242) 23-81-48 23-72-20	8(7242) 23-75-57
12	«Комитеттің Атырау облысы бойынша департаменті» ММ	Атырау қаласы Гурьев к-сі 7а	жұмыс күндері сағат. 9.00-ден бастап 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден бастап 14.30-ға дейін	8(7122) 32-82-88	8(7122) 35-40-39
			жұмыс күндері сағат. 9.00-ден бастап 18.30-ға дейін, түскі		

13	«Комитеттің Ақтөбе облысы бойынша департаменті» ММ	Ақтөбе қаласы Сәңкібай батыр даңғылы, 1	үзіліс сағат 13.00-ден бастап 14.30-ға дейін	8(7132) 55-77-23	8(7132) 55-77-20
14	«Комитеттің Қарағанды облысы бойынша департаменті» ММ	Қарағанды қаласы, Әлиханов к-сі, 2	жұмыс күндері сағат. 9.00-ден бастап 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден бастап 14.30-ға дейін	8(7212) 41-14-25	8(7212) 56-27-62
15	«Комитеттің Жамбыл облысы бойынша департаменті» ММ	Тараз қаласы, Әйтке би к-сі, 13	жұмыс күндері сағат. 9.00-ден бастап 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден бастап 14.30-ға дейін	8(7262) 43-66-68	8(7262) 45-08-83
16	«Комитеттің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» ММ	Шымкент қаласы, Д.Қонаев к-сі, 27	жұмыс күндері сағат. 9.00-ден бастап 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден бастап 14.30-ға дейін	8(7252) 39-07-22	8(7252) 39-02-69
17	«Комитеттің Маңғыстау облысы бойынша департаменті» ММ	Ақтау қаласы, 38 шағын аудан, 46-үй	жұмыс күндері сағат. 9.00-ден бастап 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден бастап 14.30-ға дейін	8 (7292) 50-19-19 50-35-17	8(7292) 50-19-09

«Медициналық қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру»  
 мемлекеттік қызмет стандартына  
 З-қосымша

**Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының тізімі**

№	Облыстардың / қалалардың атауы	Байланыс телефондары	Занды мекенжайы	Сайттардың мекенжайы және байланыс телефондары
1	2	3	4	5

1.	Ақмола	8(7162)255511	Көкшетау қаласы Абай көшесі, 83 инд. 020000	<a href="http://www.akmo.kz">http://www.akmo.kz</a>
2.	Ақтөбе	8(7132)564758	Ақтөбе қаласы Әбілхайыр хан даңғылы, 40 инд. 030010,	<a href="http://www.akto.kz">http://www.akto.kz</a>
3.	Атырау	8(7122)354501	Атырау қаласы, Әйтке би көшесі, 77 инд. 060010,	<a href="http://www.atyrauobl.kz">http://www.atyrauobl.kz</a>
4.	Алматы	8(7282)270822	Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 38 инд. 040000	<a href="http://www.almaty-reg.kz">http://www.almaty-reg.kz</a>
5.	Шығыс Қазақстан	8(7232)578580	Өскемен қаласы М. Горький көшесі, 40 инд. 070019	<a href="http://www.akimvko.gov.kz">http://www.akimvko.gov.kz</a>
6.	Жамбыл	8(7262)431822	Тараң қаласы Абай даңғылы, 125 инд. 080008	<a href="http://www.zhambyl.kz">http://www.zhambyl.kz</a>
7.	Батыс Қазақстан	8(7112)514013	Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 179 инд. 090000	<a href="http://www.western.kz">http://www.western.kz</a>
8.	Қарағанды	8(7212)421045	Қарағанды қаласы Мира бульвары, 39 инд. 100012	<a href="http://www.karaganda-region.kz">http://www.karaganda-region.kz</a>
9.	Қызылорда	8(7242)262144	Қызылорда қаласы, Ы. Жақаев көшесі, 76 инд. 120003,	<a href="http://www.kyzylorda.kz">http://www.kyzylorda.kz</a>
10.	Қостанай	8(7142)575085	Қостанай қаласы, Әл-Фараби көшесі, 66 инд. 110000	<a href="http://www.kostanay.kz">http://www.kostanay.kz</a>
11.	Мангистау	8(7292)314215	Ақтау қаласы, 14 мөлтек ауданы, 1 инд. 130000	<a href="http://www.mangystau.kz">http://www.mangystau.kz</a>
12.	Павлодар	8(7182)323422	Павлодар қаласы, Академик Сәтпаев көшесі, 49 инд. 140009	<a href="http://www.pavlodar.kz">http://www.pavlodar.kz</a>
13.	Солтүстік Қазақстан	8(7152)464125	Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 58 инд. 150011	<a href="http://www.akimat-sko.kz">http://www.akimat-sko.kz</a>
